

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 тамыздағы "Кербұлақ ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 27-213 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2026 жылғы 27 сәуірдегі № 35 -276 шешімі. Күші жойылды - Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2026 жылғы 13 тамыздағы № 37-286 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 13.08.2026 № 37-286 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Кербұлақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кербұлақ аудандық мәслихатының 2025 жылғы 29 тамыздағы "Кербұлақ ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 27-213 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 213722 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Кербұлақ ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

басшылыққа алады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні;
- 2) 26 сәуір - Халықаралық Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу күні;
- 3) 9 мамыр - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні;
- 4) 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні;
- 5) 10 қазан – Мүгедектігі бар адамдар күні.

7-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы):

әлеуметтік маңызы бар оның ішінде: туберкулез ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш, ай сайын;

адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде, ай сайын;

7-тармақтың 9)-10) тармақшалары алып тасталсын;

7-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдерінің біріне және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды санаторлық-курорттық емделуге алып (еріп) жүретін адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде әлеуметтік көмек;

7-тармақтың 12) тармақшасы алып тасталсын;

7-тармақтың 13)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

13) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар күніне - 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға (ата-аналарының біріне немесе өзге де заңды өкілдеріне) 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, жылына бір рет.

7. 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. 1. Жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынбай, бірақ кепілдік берілген сомадан артық емес, жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек:

1) осы қағиданың 7-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға;

2) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін қуғын-сүргіндерге ұшыраған тұлғаларға."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кербұлақ аудандық
мәслихатының төрағасы*

Қайрат Ботайұлы Бекиев